

Өзенбаева А.Т.

**Қазақстан Республикасындағы
ветеринариялық қауіпсіздікті
құқықтық қамтамасыз етудің
өзекті мәселелері**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы ветеринарлық қауіпсіздікті құқықтық дамыту мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар жұмыста стратегияның даму жолдарын жақсарту негізінде ветеринарлық қауіпсіздік факторлары нақты ұсынылған. Осы саладағы ұлттық заңнамаларға және оны тәжірибеде анализ жасау және Қазақстан Республикасының ветеринарлық қатынастарын реттейтін заңнамаларды жетілдіру мақсатында ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: ветеринарлық қауіпсіздігі, агроөндірістік кешен, азық-түлік қауіпсіздігі аграрлық саясат.

Ozenbayeva A.T.

**Actual problems of legal
provision of veterinary safety of
the Republic of Kazakhstan**

This article discusses actual problems of legal provision of veterinary safety of Kazakhstan. The work presented in some detail the factors veterinary safety, which should be considered when building a development strategy. The paper presents a detailed analysis of national legislation and practice in the study area, as well as its conclusions on the improvement of legislation that govern social relations in the field of veterinary security of the Republic of Kazakhstan.

Key words: veterinary safety, agriculture, food security, agricultural policy.

Өзенбаева А.Т.

**Актуальные проблемы
правового обеспечения
ветеринарной безопасности
Республики Казахстан**

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы правового обеспечения ветеринарной безопасности Республики Казахстан. В работе довольно подробно представлены факторы ветеринарной безопасности, которые должны учитываться при построении стратегии развития. В статье приведен подробный анализ национального законодательства и практики его применения в исследуемой сфере, а также предлагаются выводы по совершенствованию законодательства, которые регулируют общественные отношения в области ветеринарной безопасности Республики Казахстан.

Ключевые слова: ветеринарная безопасность, агропромышленный комплекс, продовольственная безопасность, аграрная политика.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда зық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру және ветеринария жүйесін жетілдіру алдыңғы орында тұр.

Қазіргі уақытта ауылшаруашылығы жануарларының инфекциялық және инвазиялық (ішек-құрт) ауруларына шалдығуы, малдың қыс мезгілінде көтерем болып өлуі, ветеринарлық құжатсыз басқа жақтан мал тасымалдау, сату және ол туралы жергілікті ветеринарлық мамандарға хабарламау, тағы басқа жағдайлардың тіркелуі тікелей мал иесінің жауапкершілігінің төмендігінен орын алып отыр. Осындай себептердің салдарынан адам мен жануарға ортақ жұқпалы аурулармен (бруцеллез, туберкулез) және биогельминтозды (эхинококкоз, описторхоз, трихинеллез, дерматомироз) аурулардың облысымыздағы тұрғындар арасында таралуы белең алуда.

Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамытудың өзектілігі әсіресе, ауылшаруашылық жануарларының негізгі басының көп бөлігі жеке аулаларда, ұсақ тауарлы, фермерлік, кооперативтік шаруашылықтарда шоғырлануы жағдайы кезінде едәуір өсті. Сонымен қатар, бүгінгі күні ветеринариялық жүйенің дамуына тұжырымдамалы әсер етуші себептер де бар. Ол – жануарлардың негізгі бөлігінің жеке аулаларда шоғырлануы, жергілікті ветеринариялық бақылау жүргізуді елеулі түрде қиындатады. Сонымен қатар, қолдағы бар ақпараттық жүйе өнімдері «фермадан үстелге дейін» қағидаты бойынша қадағалауды қамтамасыз етпейді, бұл эпизоотиялық қадағалау, мониторинг және жануарлар ауруларының ошақтарына болжау жүргізуге келеңсіз әсерін тигізеді.

Ауылшаруашылық тауар өнімдерін толығымен өндіру әр алуан малдан жұғатын жұқпалы аурулардың (сібірлік язва, оба, туберкулез, бруцеллез, сальмаонеллез, колибактериоз, парафит, құтырма т.б.) болуына байланысты өндіру мүмкіндігі шектеулі, сондай-ақ көбіне Қазақстанда табиғи-климаттық жағдайға байланысты, сонымен қатар ауылшаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде жоғарғы деңгейде бейімделмеген. Мал шаруашылық өнімдерін өндіруде өндірушілер ветеринариялық-санитариялық тексерістердің көп болса, онда өндірушілер көптеген шығындар болмас

еді. Осы шығындар мен аурулар болмас үшін Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайын жасау керек [1, 3 б.].

Өйткені ҚР-сы Конституциясының 29-бабында «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар» делінген. Ал Конституцияның 31-бабына сәйкес «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады» деп көрініс тапқан [2].

ҚР-ның Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, салауатты өмір салтын қалыптастыру денсаулықты нығайту және өмір салтымен байланысты аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты ақпараттық қамтамасыз ету, гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу жолымен салауатты өмір салтын насихаттауды, дұрыс тамақтануды және аурулардың профилактикасын қамтиды.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы – мекендеу ортасы факторларының адамға зиянды әсері болмайтын және оның тыныс-тіршілігіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін кездегі халық денсаулығының жайкүйі [3].

Б. Қалымбектің пікірінше, ветеринариялық қауіпсіздік – заңды және жеке тұлғалардың ветеринарлық-санитарлық ережелер талаптарын орындауымен қамтамасыз етілетін техникалық және дәрілік құралдардың, мал шаруашылығы өнімдерінің, ветеринарлық мақсаттар үшін жемдер мен жем қоспалары айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік экономикалық және ветеринарлық шаралар кешені [1, 18 б.].

Ветеринарлық қауіпсіздік түсінігі тікелей жануарлардың аса қауіпті аурулары болмайтын, ал жануарлардың өзге ауру деңгейі белгілі уақыт пен нақты аумақ үшін тән қалыпты ауру деңгейінен аспайтын жағдайдағы эпизоотиялық қолайлылыққа байланысты болып табылады. Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N339 Заңының 1-бабына сәйкес, Ветеринария (ветеринария саласы) – жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың профилактикасына, диагностикасына, оларды емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау

объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнаулы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы [4].

Осыдан сайып келе, ветеринарияны құқықтық қамтамасыз ету дегеніміз адамның денсаулығы мен өміріне қауіп төнбейтін жануарлардан тұатын аурулардың алдын алу, жұқпалы ауру туындағанда, оларды емдеу, егер емдеу жағдайы болмағанда ауру жануарларды жою арқылы қамтамасыз ететін шаралар кешені болып табылады. Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық құқықтық тетігі – мемлекеттердің, халықаралық және ұлттық ұйымдардың ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз ететін құқықтық құралдар, институттар, ішкі және сыртқы факторлар жиынтығы. Нақты тетіктің элементтері болып қызметін жүзеге асыруда өзінің ерекшеліктері бар, ұлттық және халықаралық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, табиғат қорғау, ветеринарлық және санитарлық қызметтің, халықаралық және өзге де қызметі танылады.

Агроөнеркәсіптік кешен негізгі саласының бірі ветеринариялық-санитариялық және фито-санитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитды.

Ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ауылшаруашылығы малына бірдейлендіру жүргізуді ұйымдастыру, мал көмінділерін салу, ұстау және қайта жаңарту.

Ветеринария саласындағы негізгі міндеттер мыналар:

- 1) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
- 2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
- 3) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;
- 6) жануарлар ауруларына қарсы күрес құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігіне және сапасына ветеринариялық-санитариялық бақылауды қамтамасыз ету;

7) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;

8) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру [4].

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау – ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарын бұзудың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге және жоюға бағытталған қызметі.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау:

1) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарының талаптарын орындау жөніндегі қызметін бақылауды;

2) бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттарды, олардың Республикалық қорын қоса алғанда, бөлуді және оларды сақтауға, тасымалдау (жеткізу) мен пайдалануға бақылау жасауды;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық аурулары қоздырушыларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру мен бақылауды;

4) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринариялық есеп пен есептілік жүргізуді және оларды табыс етуді;

5) ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру мен олардың орындалуын бақылауды;

6) базарларда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндіру, дайындау (сою), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға жататын жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыруды; мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайды бақылауды; жануарлар ауруларының пайда болу мен таралу және жануарлардың азықтан улану себептері мен жағдайларын ашып, анықтауды;

7) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды көздейді [5].

ҚР-ның Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, мемлекеттік

санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жануалардан ауру табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдыналуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, сондай-ақ халықтың денсаулығын сақтау және мекендеу ортасын қорғау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылауға бағытталады.

Осы кодекстің 143-бабына сәйкес, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі:

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар кіреді [3].

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы шілденің 8-і. №66-III ҚРЗ заңының 13-бабына сәйкес, Ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

1. Ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мемлекет ауылшаруашылығы өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін халықаралық талаптарға сәйкес келтіру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауды жүргізу;

2) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша малдың жұқпалы ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою;

3) малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауылшаруашылығы малын соятын алаңдарды, мал көмінділерін, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасының аумағын қорғауға және мал мен адамға ортақ аурулардың

таралуына жол бермеуге бағытталған ветеринариялық іс-шараларды;

5) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуына жол бермеуге, Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауға, сондай-ақ олардың таралу ошақтарын анықтауға, шектеуге және жоюға бағытталған фитосанитариялық іс-шараларды;

б) малдың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін малды, малдан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қою және жою салдарынан агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне келтірілген залалды өтеу іс-шараларын жүзеге асырады [6].

Республикада мал мен құстың жұқпалы ауруларының 200-ден астам түрлері ұшырасады, соның ішінде 75-і аса қауіпті түрлеріне жатады, оның көбі адам мен мал үшін ортақ аурулар болып табылады.

Тұрақсыз эпизоотиялық жағдай АӨК-ні дамыту үшін негізгі қауіп болып табылады. Шекара маңы өңірлері ауруларға неғұрлым ұшыраған, сол жерлерден инфекциялар одан әрі елдің басқа бөліктеріне тарайды. 2011 жылы жіті инфекциялық аурулардың 227 ошағы тіркелді, осының нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстары үшін мал шаруашылығы өнімінің экспортына тыйым салынды.

Неғұрлым таралған аурулар ІҚМ мен ҰМ бруцеллезі және ІҚМ лейкозы болып табылады. 2011 жылы бруцеллезге оң нәтижені 75 038 ІҚМ сынама және 32 705 ҰМ сынама көрсетті, сондай-ақ лейкозға 58 046 оң нәтиже анықталды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда аурулар санының тиісінше 14%, 15% және 10%-ға төмендеуін көрсетеді [7].

Ауылда меншік түрінің, ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастыру нысандарының өзгеруі және шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтық қатынастарға көшуі ветеринария жүйесін түбегейлі қайта құруды және ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс әдістерін қайта қарауды талап етті. Қолда бар мал басының 98 %-ы жекеменшік үй шаруашылығында және ауылшаруашылығы құрылымдарында күтіп бағылады. Ауылшаруашылығының мал басын толық қамту мақсатында ветеринариялық биологиялық препараттарды қолдану жергілікті жерлерде бәсекелес ортаға берілген және лицензиялы ветеринариялық дәрігерлер мұны конкурстық негізде жүзеге асырады [8].

ҚР-ның Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республи-

касының Кодексіне сәйкес, Инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуының, халықтың улануының алдын алу.

1. Инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуының және таралуының, халықтың улануының алдын алу мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық), оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағын санитариялық қорғауды жүзеге асыру, шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу, өндірістік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі, инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты, халықты медициналық тексеріп-қарауды, профилактикалық егуді, гигиеналық тәрбие беру мен оқытуды жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

2. Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар аумақтарды дамытудың әзірленіп жатқан бағдарламаларына және өзге де өңірлік бағдарламаларға енгізілуге жатады.

3. Инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастар, инфекциялық және паразиттік аурулармен ауырады деп күдік туғызатын адамдар, бактерия таратушылар оқшаулануға және емделуге, ал олармен қарым-қатынаста болған адамдар – медициналық байқауға алынуға және қажет болған кезде оқшаулануға және емделуге жатады.

4. Айналасындағылар үшін қауіп төндіретін созылмалы инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастар, созылмалы бактерия таратушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан уақытша шеттетілуге жатады.

Қазақстан Республикасының аумақтарын санитариялық қорғау:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде халық денсаулығына қауіп төндіретін жолаушыларға, экипаждарға, поезд бригадаларына, көлік құралдарына, жүктерге санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін санитариялық-карантиндік пункттер ұйымдастырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде (санитариялық-карантиндік пункттерде) санитариялық-карантиндік бақылауды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

3. Әкелінуіне тыйым салынған қауіпті жүктер мен тауарларды, сондай-ақ оларға қатысты санитариялық-карантиндік бақылау жүргізген кезде олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуі инфекциялық аурулардың немесе жаппай инфекциялық емес аурулар мен уланулардың пайда болуы мен таралу қаупін төндіреді деп белгіленген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол берілмейді.

Қазақстан азаматтарының денсаулығына қауіп төнбейтін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мал шаруашылығын зерттеу және әртүрлі ауру кесепаттардың алдын алу мақсатында Ветеринария туралы заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілер қабылданды және осы саласы бойынша заңнамаларға бірнеше өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенмен оның жүзеге асырулуы өте төмен.

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заңдар ветеринариялық заңдардан, сонымен қатар азаматтардың денсаулығына қауіп төнбейтін халықты санитариямен қамтамасыз ету, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғауда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аумағында заңнамалар қабылдануы тиіс. Бұл дегеніміз негізгі заңнаманың аумағы өте күрделі және көп жақты қызметтерді атқаруы тиіс. Оның нарықтық реформаның әсерімен экономиканың барлық аумағында дамуына әкеледі, құқықтық реттеудің жаңа жолдардың туындауына жетектейді (мысалы, ветеринариялық нормалау, ветеринариялық препараттарды мемлекеттік тір-

кеу, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аумағына да халықаралық ынмақтастықты нығайту) [9, 117 б.].

Қорыта келгенде, Ветеринария жүйесін, ветеринариялық ұйымдардың қызметін мемлекеттік басқару мен реттеуді қайта қарау, сондай-ақ тамақ өнімдерінің, ветеринариялық препараттар мен дәрілік заттардың ветеринариялық-санитариялық қолайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кемшіліктерді жою арқылы Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізе отырып, ветеринария саласындағы заңнамасын жетілдіру қажет. Бұдан басқа, Қазақстанның алдағы уақытта ДСҰ-на кіруі жануарлардың саулығы мен өндірілетін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында нақты құқықтық нормаларды енгізуді талап етеді. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді жануарлардың созылмалы ауруларынан сауықтыруға және тұтастай алғанда Қазақстан Республикасында жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша эпизоотикалық жағдайды жақсартуға әрі ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіз тамақ өнімдерін өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұсынылған түзетулерге сәйкес заң жобасына бірқатар толықтыру, атап айтқанда, жергілікті атқарушы органдардың ветеринария мәселелері жөніндегі бөлімшелерін және мемлекеттік ветеринарлық ұйымдардың бөлімшелерін ауылды аумақтарда құру туралы толықтыру енгізілуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Қалымбек Б. Правовое обеспечение ветеринарной безопасности в РК. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 147 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
- 3 ҚР-ның Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2009 жыл 18 қыркүйек №193-IV // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің деректер базасы. – 2014.
- 4 Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі N 3393аны // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
- 5 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы: 28 маусым 2007 жыл N545 Қаулысы // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
- 6 Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы шілденің 8-і. №66-III ҚРЗ заңы // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. 2012.
- 7 Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 қаулысы // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
- 8 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 205 Қаулысы //Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
- 9 Қалымбек Б. Законодательство РК о ветеринарной безопасности: проблемы и перспективы развития. ВетникКазНУ. – Серия юридическая. №2(54). 2010 – 179 с.

References

- 1 Kalymbek B. Pravovoe obespechenie veterinarnoj bezopasnosti v RK. – Almaty: Kazak universiteti, 2013. – 147 с.
- 2 Kazakstan Respublikasynuң Konstitucijasy, 30.08.1995 zh. // Paragraf akparattyk kykyktyk zhıjesi. – 2014.
- 3 ҚР-нуң Halыk densaulыgy zhөne densaulыk saktau zhıjesi turaly Kazakstan Respublikasynuң Kodeksi 2009 zhyl 18 kyrkųjek №193-IV // Adilet Kazakstan Respublikasy normativtik kųkyktyk aktileriniң derekter bazasy. – 2014.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn «Veterinarija turaly» 2002 zhylgy 10 shildedegi N 339Zany // Paragraf akparattyk kykyktyk zhıjesi. – 2014.
- 5 Kazakstan Respublikasy Ykimeti. Veterinarija salasyndagy kyzmetti licenzijalau erezhesin zane ogan kojylatyn biliktilik talaptaryn bekitu turaly: 28 mausym 2007 zhyl N545 Kaulysy // Paragraf akparattyk kykyktyk zhıjesi. – 2014.
- 6 Kazakstan Respublikasynuң «Agroөnerkәsiptik keshendi zhөne ауyldық аумақтарды damytudy memlekettik retteu turaly» 2005 zhylgy shildeniң 8-i. №66-III ҚРZ заңы // Paragraf akparattyk kykyktyk zhıjesi. 2012.
- 7 Kazakstan Respublikasynda agroөnerkәsiptik keshendi damytu zhөnindegі 2013-2020 zhyldarga arналған «Agrobi-znes-2020» bagdarlamasyn bekitu turaly Қазақстан Respublikasy Ykimetinin 2013 zhylgy 18 akpandagy №151 kaulysy // Paragraf akparattyk kųkyktyk zhıjesi. – 2014.
- 8 Қазақстан Respublikasy Ауылsharuashылуғы ministrлігі Agroөnerkәsiptik keshendegi memlekettik inspekciya komitetiniң kejbir мәseleleri Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң 2008 zhylgy 28 akpandary N 205 Kaulysy //Paragraf akparattyk kykyktyk zhıjesi. – 2014.
- 9 Қалымбек В. Zakonodatel'stvo RK o veterinarnoj bezopasnosti: problemy i prespektivy razvitija. VetnikKazNU. – Serija juridicheskaja. – №2(54). 2010 – 179 s.